

Құрметті әріптестер!

Логистика және көлік академиясы 2021 жылдың 25-26 қарашасында «ЛОГИСТИКАДАҒЫ, КӨЛІКТЕГІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» атты Халықаралық Конгресс өткізеді.

Конгресс аясында келесі іс-шаралар ұйымдастырылады:

• 25.11.2021 – ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМ.

Форумды өткізудің негізгі міндеттері адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылардың және үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру жағдайларын болдырмау үшін поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тасымалдау процесі операцияларын орындау кезінде алдын алу шараларын әзірлеу болып табылады.

Аталған іс-шараға Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «Ресей темір жолдары», «Белорусь темір жолы», «Українськаказалызниция», «Узбекистонтемирйуллари», «Қырғызтемиржолу» ұлттық компаниясы, көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің инженерлік-техникалық жүйелерін және ақпараттық технологияларды өндірушілер, конструкторлық бюролар және өзге де ғылыми-зерттеу ұйымдары, консалтингтік және жобалау ұйымдары, білім беру мекемелері, қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдар қатысады.

Форум барысында келесі секциялар жұмыс істейді:

- Темір жол көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Көлік жүйесін жаңғырту және теміржол саласын цифрлық трансформациялау;
- Мемлекеттің көлік саласы үшін кадрлар даярлау тұжырымдамасы.

Форум аясында теміржол саласы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылады.

Көрмеге қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы 200 000 (екі жүз мың) теңгені құрайды.

Жол жүру және тұру үшін ақы төлеу форумға қатысушылардың немесе жіберуші тараптың есебінен жүргізіледі.

Құрметті қатысушылар, іс-шараның маңыздылығын назарға ала отырып, аталған тақырыптардың бірі бойынша баяндамамен осы форумға Сіздің ұйымыңыздың қатысу мәселесін оң шешуіңізді сұраймыз.

• 26.11.2021 – ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл және Логистика және көлік Академиясының 90 жылдық мерейтойына арналған «БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР» Халықаралық ғылыми конференциясы. Конференцияға баяндамалар келесі бағыттар бойынша қабылданады:

1. Көлік-логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту
2. Электроника және робототехника
3. Көлік саласын цифрлық трансформациялау
4. Жылжымалы құрам паркін басқарудағы сандық стандарттар
5. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар
6. Энергетикадағы өзекті мәселелер
7. Көлік және экология
8. Автоматика және телемеханика жүйесін дамытудағы инновациялар
9. Көлік саласы үшін кадрлар даярлау
10. Жасанды интеллект

Толық ақпаратпен біздің сайтымызда таныса аласыз: alt.edu.kz

Форум және конференцияға қатысу үшін:

- баяндамаларды 25.10.2021 дейін Конгрестің ұйымдастыру комитетінің isc@alt.edu.kz электрондық поштасына жіберу

- сілтеме бойынша сауалнаманы өту: <https://alt.edu.kz/kk/halyqaralyq-kongress/>

Байланыс телефоны: +7 727 292 27 09, e-mail: isc@alt.edu.kz

Құрметпен,

Президент-Ректор



С. Н. Әмірғалиева